



ПРИОЗЕРСКИЙ ВЕСТНИК

18+

№ 36/732

газета издается с 26.06.2004 года

10 сентября 2021 года

Баспасөз қызметі хабарлайды

АПТАДАҒЫ СОҢҒЫ ЖАҢАЛЫҚТАР

1.Көпбалалы ананы марапаттау рәсімі. Қала әкімі С.Сатаев Қазақстан Республикасы Президентінің 2021 жылғы 28 шілдедегі №632 Жарлығына сәйкес, алты баланы өсіріп, тәрбиелегені үшін күміс алқамен Назарова Нурзия Джумаевнаны марапаттады.



2. Приозерск қаласында жыл соңына дейін ұзақ мерзімді құрылыс аяқталады. Қазір көріздік тазарту құрылғылары 95% - ға дайын. Бірнеше жыл бойына жабдықтың қымбаттауына байланысты құрылыс жұмыстары тоқтатылған еді. Құрылыс 2020 жылы қайта жанданды. Қазірдің өзінде құрылыс-монтаждау жұмыстары толық аяқталып, коммуналдық желілер жүргізілді. Жабдықтар орнатылып, іске қосу-тексеру жұмыстары жоспарлануда. Қала үшін КТҚ-ны қайта құру маңызды және қажетті жоба. Жаңа нысанды іске қосу ағынды суларды тазарту мәселесін шешеді. КТҚ-ға келетін суды тазартқаннан кейін техникалық қажеттіліктер үшін екінші рет пайдалануға болады.

3.Қарттар – асыл қазыналар. Приозерск қаласының жалғыз басты зейнеткерлеріне құтқарушылар көмекке келді. 2021-2022 жылдарға жылу беру кезеңі қарсаңында халықпен профилактикалық жұмыстар белсенді жүргізілуде. Приозерск қаласының құтқарушылары жеке-тұрғын үй секторларын аралау кезінде түсіндіру жұмысы мен жадынамалар таратып қана қоймай жалғыз басты қарт ерлі-зайыптыларға көмек қолын созды. Жеке тұрғын үйде тұратын зейнеткер Ю.В.Дубров құтқарушылардан үй төбесіндегі құрғақ ағашты кесу керектігін айтып көмек сұрады. Құрал саймандармен жабдықталған құтқарушылар лезде іске кірісті, құрғақ бұталарды кесіп, ауланы құрғақ шөптерден тазартып, өрт қаупсіздігінің алдын алды. Зейнеткерлерге жылыту кезеңіндегі өрт қаупсіздігінің алдын алу туралы және ТЖ кезіндегі іс-әрекеттерді түсіндірді. Өз іс-әрекетімен Приозерск қаласының азамат-

тық қорғау гарнизон қызметкерлері әрқашан осындай жалғыз басты зейнеткерлерге қол ұшын беруге дайын екенін көрсетті. Қарт ерлі – зайыптылар көмек қолын созғаны үшін құтқарушыларға алғыс айтып, ыстық ықыласын білдірді.

4.Қазақстанда әскерге күзгі шақыру басталды. Қазақстанда еліміздің Қарулы Күштеріне шақыру науқаны басталды. Мерзімді қызметке шақыруды қала әкімінің орынбасары басқаратын жергілікті атқарушы орган жүзеге асырады. Пандемиялық жағдайға байланысты әскерге шақырту азаматтарға SMS-хабарламалар арқылы жіберіледі. Сондай-ақ, әскерге шақырылушылар шақыру кезінде құрама пункттерде және жас буын келгеннен кейін әскери бөлімдерде екі рет ПТР - тест тапсырады. Барлық сұрақтар бойынша 5-24-31 нөміріне хабарласуға болады.



5.Мерейлі отбасы - 2021. Қарағанды қаласының Достық үйінде "Мерейлі отбасы - 2021" ұлттық байқауының облыстық кезеңінің жеңімпаздары марапатталды. Быыл байқау ел Тәуелсіздігінің 30 жылдығына орайластырылды. Байқауға қаламыздың атынан қатысқан Қонысбаевтар әулеті жүлделі ІІІ орынға ие болды. Шарафат Талапбайұлы және жұбайы Палсара Әбдіқаниқызының 30 жыл отбасылық өмір тәжірибесі бар. Отбасында 5 бала, 5 немере тәрбиеленіп отыр. Қонысбаев Шарафат Талапбайұлы 1968 жылы 23 ақпанда дүниеге келген. 17 жыл Приозерск қалалық ішкі істер бөлімінде қызмет атқарған. Жұбайы Халмуратова Палсарамен бірге 2 ұл, 3 қызды тәрбиелеп өсірді. Қазіргі уақытта ізін жалғастырушы ұрпақтары арнайы жоғарғы оқу орындарын тәмамдап, мамандықтары бойынша қызмет атқаруда.

8.Сыбайлас-жемқорлыққа қарсы бейне-вайнерлер байқауының жеңімпаздарын марапаттау рәсімі. 2021 жылдың 6 қыркүйегі күні ҚР Тәуелсіздігінің 30 жылдығы аясында "Приозерск қаласының ішкі саясат, мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі" ММ-нің ұйымдастыруымен қала жастары арасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы бағыттағы "Жемқорлыққа жол жоқ" атты бейне - вайнерлер байқауының

марапаттау рәсімі өткізілді. Іс-шара мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс аясында «Қарағанды облысының жастар мен балалар ұйымдарының одағы» қоғамдық бірлестігімен өткізілді.

Байқауға 14-29 жас аралығындағы жастар қатысты. Төрешілікті құрамы 5 адамнан тұратын қазылар алқасының мүшелері жүзеге асырды.

Конкурс қорытындысы бойынша:
- 1 орын Султаналиев Жәнібек Амантайұлы;
- 2 орын Утешова Айнура Танбергеновна;
- 3 орын Даулетбеков Рустем Талантұлы және Сабаденбекова Гаухар Кенесбаевна. Жеңімпаздар бағалы сыйлықтар мен диплом-дармен марапатталды.

9.Қала әкімінің "Сарышаған Сужылу-2014" ЖШС қызметкерлерімен кездесуі. Приозерск қаласының әкімі Сапар Сатаев "Сарышаған Сужылу-2014" ЖШС қызметкерлерімен қаланы жылыту маусымына дайындау, кәсіпорындағы жалақыны арттыру мәселелері бойынша кездесті. Кездесуге кәсіпорын басшылары мен қызметкерлері қатысты. Кездесу барысында қызметкерлердің жалақысы мен уақытылы еңбекақы мәселелері және қазандық пен кәсіпорындағы қауіпсіздік техникасы бойынша мәселелер көтерілді. Сапар Сатаев әрбір қызметкердің сұрақтарын тыңдап, жаңа ұйымның жұмысын жеке бақылауға алатынына сендірді. Сондай-ақ, әкім қызмет үшін алымдарды барынша 100% - ға дейін

айтуынша, жаппай екпе алу арқылы ғана ұжымдық иммунитет қалыптастырып, COVID-19 пандемиясын жеңуге болады. Пандемияға қарсы тұру үшін қоғамда ұжымдық иммунитет қалыптасуы керек, яғни, халықтың 60% - дан астамы екпе алуы тиіс. Қаламызда қазіргі уақытта коронавирустың алдын алу шаралары белсенді түрде жүргізіліп жатыр. Екпе алған адамдардың саны күннен күнге ұлғаяуда. Бұл жақсы көрсеткіш. Дегенмен «Сақтаңсан сақтаймын» дей отыра, өзіміздің жеңілуіміз үшін бетперде тағып, карантиндік шараларды сақтаған жөн. Тек вакцинацияның арқасында азаматтар ковидке дейінгі қалыпты өмірге оралып, қауіпті вирус жұқтырап аламын деп қорықпастан сүйікті жерлеріне еркін бара алады. Қазіргі кезде ақпараттық түсіндірме жұмыстары белсенді түрде жалғасып жатыр. Соның бір мысалы, кәсіпкерлер де екпені қолдайды! Приозерск қаласының кәсіпкерлері өздерінің және тұтынушыларының қауіпсіздігі үшін Ashyq бағдарламасымен жұмыс жасауда. «Ashyq» бағдарламасы кәсіпкерлерге еш қиындықсыз жұмыс жасауға мүмкіндік береді. Сондай кәсіпкерлердің бірі – Ержан Нұрланбек, «CoffeeFood» кофейнясының иесі. «Ashyq – өз бизнесіңізді карантин кезінде де еркін дамытуға мүмкіндік беретін тиімді жол. Біз екпе алып, карантиндік талаптарды сақтай отыра өз бизнесімізді еш қиындықсыз жалғастырып жатырмыз» дейді Ержан



жеткізу қажеттілігі мәселесін көтерді. Қала әкімі әрбір қызметкерге қаланың тыныс-тіршілігі мен гүлденуіне қосқан үлесі үшін алғыс айтты.

10.«Екпе алып, еркін өмір сүр!». Вакцинация бүгінде эпидемиямен күресудің ең тиімді әдісі болып табылады. Мамандардың

Нұрланбек. Құрметті Приозерск қаласының тұрғындары! Жақынымызға жанашыр болайық, екпе алып ұжымдық иммунитет қалыптастырайық!

Приозерск қаласы әкімдігінің баспасөз қызметі

ХАЛЫҚ САНАҒЫ 2021 ПЕРЕПИСЬ НАСЕЛЕНИЯ

САНАҚТАН ҚАЛАЙ ӨТУГЕ БОЛАДЫ

№1 САНАQ.GOV.KZ САЙТЫНДА
№2 ЕGOV.KZ ЭЛЕКТРОНДЫ ҮКІМЕТТІК ПОРТАЛЫНДА
№3 АІТІ МОБИЛЬДІ ҚОСЫМШАСЫНДА
№4 ИНТЕРВЬЮЕРДІҢ КЕЛУІН КҮТУ
№5 НУСКАУШЫЛЫҚ ҮЧАСКЕГЕ БАРУ

№1, №2, №3 ТӘСІЛДЕРІМЕН САНАҚТАН ӨТКЕНДЕР санақтан өткендігі туралы хабарлама нөмірін көрсетуі жеткілікті 22 000-НАН АСТАМ ИНТЕРВЬЮЕР еліміз бойынша БАРЛЫҚ тұрғын үй-жайларды аралайды

1 ҚЫРКҮЙЕК - 15 ҚАЗАН АРАЛЫҒЫНДА
1-30 ҚАЗАН АРАЛЫҒЫНДА
1-30 ҚАЗАН АРАЛЫҒЫНДА

ХАЛЫҚ САНАҒЫ 2021 ПЕРЕПИСЬ НАСЕЛЕНИЯ

КАК МОЖНО ПЕРЕПИСАТЬСЯ

№1 НА САЙТЕ САНАQ.GOV.KZ
№2 НА ПОРТАЛЕ ЭЛЕКТРОННОГО ПРАВИТЕЛЬСТВА ЕGOV.KZ
№3 В МОБИЛЬНОМ ПРИЛОЖЕНИИ АІТІ
№4 ДОЖДАТЬСЯ ПРИХОДА ИНТЕРВЬЮЕРА
№5 ПОСЕТИТЬ ИНСТРУКТОРСКИЙ УЧАСТОК

ПЕРЕПИСАВШИМСЯ СПОСОБАМИ №1, №2, №3 достаточно будет показать номер уведомления о прохождении переписи

БОЛЕЕ 22 000 ИНТЕРВЬЮЕРОВ обойдут ВСЕ жилые помещения в стране

С 1 СЕНТЯБРЯ ПО 15 ОКТЯБРЯ
С 1 ПО 30 ОКТЯБРЯ
С 1 ПО 30 ОКТЯБРЯ



ҚАЛА – БІЗДІҢ ОРТАҚ ҮЙІМІЗ

Өзекті сұқбат

Приозерск қаласына мамыр айының 24-жұлдызында тағайындалған әкім Сапар Қайыркенұлы Сатаевтың қала басшысы ретіндегі қызмет еткеніне 100 күн толуына орай «Приозерский вестник» газетінің бас редакторы Беғазы Алшынбайұлы Кенжебеков, осы газеттің арнаулы тілшісі Нұрғали Қыдырмұратұлы Қарабеков (осы сұқбаттың авторы) және газеттің меншік иесі, Александр Валентинович Струментов әкіммен кездесіп, келелі сұқбат өткізген болатын. Қаланың өмірі, тыныс-тіршілігі, алдағы қысқы науқанға дайындық барысы және тағы басқа да мәселелерді қамтыған осы сұқбатты газет оқырмандарының назарына ұсынамыз.

ЖШС-нің басшылары да тұрақты хабар алып тұрады. Ауыстыруға, жөндеуге тиісті қосалқы бөлшектер сатып алынған. Биылғы 1-қазанға дейін ыстық су сыртқы құбырларға жеткізіледі және үйлерге де жіберіліп, тыңғылықты тексерілетін болады. Жоспар бойынша қалаға жылу беру науқаны 1-қазанға сақдай сай болуы тиіс. Осы орайда тұрғындарға ескертер жәйт және өтінішіміз, жылу батареяларынан ыстық су алып пайдананбауы керек. Ондай жағдайда жоғары температурада үйлерге жеткізілген су қазандыққа төменгі деңгейде қайта оралып, қазандықтың қайтадан ысытуға шамасы жетпей қалады. Соның кесірінен құрылғылардың мерзімінен бұрын бұзылып, істен шығуына әкеліп соғады. Бұл

рына жаңадан талдар отырғызуға көңіл бөлінеді. Приозерск қаласының бұрын керемет көгалды, таза, әдемі қала болғандығын білеміз. Сол келбетін қайта қалпына келтіруге әрекет ету керек. Қаланың сол замандағы әдемі көркін еске түсіретін суреттерін тауып, көрінекті жерлерге іліп қоюдың, насихаттаудың маңызы зор деп ойлаймын.

Қаламызда туристік саланы дамыту үшін қолдан келген шараның бәрін жасауға тиіспіз. Бұл үшін инвесторлар да тартыла бермек. Көл маңынан дем алуға, шомылуға ыңғайлы орындар ашып, оның қорғалуын реттеген жөн. Өкінішке қарай, қазіргі «Балқаш емлеу-сауықтыру кешені» орналасқан жер Жамбыл облысының қарамағында болғандықтан, ол маңда туристік жаңа жобаларды жүзеге асыруға мүмкіндік жоқ. Олауқтағы жерлерді бізге біржолата бермейтіні анық. Соны тым болмағанда 49 жылға жалға алуды қарастырмақпыз. Қаланы экономикалық-әлеуметтік жағынан дамыту мәселесі бірінші орында тұр. Ол үшін жаңа кәсіптерін ашу керек. Бұл жайында жоспарлар бар. «Ер-Тай» ЖШС секілді жаңа кен орындарын ашу туралы жоғарғы құзырлы орындарға шықпақ ниетіміз бар.

Сауал: Пәтер иелері кооперативтерінің (КСК) атқарып отырған жұмыстарына көңіліңіз тола ма? Бұл туралы қала тұрғындарынан қандай арыз-шағымдар келіп түсуде? Қаладағы қандай мәселелер өзекті деп ойлайсыз?

Әкім: Негізінде қала өміріне қатысы барлық мәселе өзекті болып табылады. Ақиқатын айтқанда, КСК-лар жұмысы туралы тұрғындардың наразылығы көптігін олардан келіп түсіп жатқан шағымдардан көріп, біліп отырмын. Оларда жұмыс дұрыс жолға қойылмағаны көзге де көрініп тұр. Тұрғындардан пайдалану шығындары үшін жиылатын қаражат тиісті мақсаттарға жұмсалмағандықтан, үйлердің кем-кетіктері уақытында жөнделмегендіктен тұрғындардың наразылығы туындайтыны заңды. Бұл мәселелер менің басты назарымда

Бұған тұрғындар түсіністікпен, оң көзбен қарағаны жөн. Себебі ондағы жұмысшылар мен қызметкерлер лайықты еңбек-ақы алуға, коммуналдық көрсетілетін қызметтер сапасын жақсарту үшін қаржы жинақтауға қазіргі тарифпен мүмкіндік жоқ. Тағы бір ескертетін мәселе – қала тұрғындары арасындағы көп балалы, жалғыз басты аналарға және жағдайы төмен отбасыларға, Ұлы Отан соғысы және оларға теңестірілген тұлғаларға, мүгедектерге т.б. әлеуметтік жағынан мұқтаж жандарға мемлекет пен қала әкімдігі тарапынан жеңілдіктер жасалмақ. Бұдан пайдалану үшін тиісті мекемелерге құжаттарын уақытылы тапсырулары керек. Және қала тұрғындарының жағдайын ескеріп, тарифті басқа өңірлердегідей қатты көтермеуді тапсырдым. Оған қоса алдағы уақытта әрбір пәтерге су есептейтін арнайы құрылғы орнатуды қолға аламыз.

Сауал: Қазіргі қызмет етіп отырған командаңызға көңіліңіз тола ма?

Әкім: Қызметке келгелі бергі жүз күнге жуық уақытта командам мен қаладағы барлық мемлекеттік мекемелердің басшыларымен, олардағы қызметкерлермен толық танысып алдым. Көңілім толды. Екі орынбасарым да мол тәжірибе жинақтаған, қаланың байырғы тұрғындары, қала халқымен жақын таныс, олардың да, қаланың да жағдайын жақсы білетін тұлғалар. Қызметке байланысты кейбір мәселелерді олардан үйреніп, кей мәселені олар менен үйреніп дегендей, қаланы дамыту, одан әрі гүлдендіру үшін қолдан келгенше қызмет ете береміз. Біздің қалада білікті мамандар тапшылығы сезіледі. Өз басым қажетті мамандардың қала тұрғындары арасынан шыққанын қолдаймын. Ондай адамдар өздерінің туған қалаларына жанашыр болады, сол үшін қызмет етеді. Егер аса қат және білікті мамандар қажет болып жатса, басқа жерлерден алдыруға да қарсы емеспін. Білікті, қолынан іс келетін мамандар бізге өте қажет-ақ.

Әкімнен әңгіме барысында қалалық «Приозерский вестник» газетінің де бүгінгі ахуалы, БАҚ және қала тұрғындары, мемлекеттік мекемелер арасындағы байланыс, үгіт-насихат, кері байла-ныс, кемшіліктерді сыңа алу мәселелері тоңірегінде сөз өрбіді.

–Қаладағы жалғыз баспасөз құралы – газеттің қалыпты жұмыс істегенін, оның халықпен және әкімдіктен тығыз байланыста болғанын, қаладағы барлық жаңалықтар мен жасалып жатқан жұмыстардың жарияланып отырғанын қалаймын. Бұған байланысты қолдан келер көмек көрсетуге дайынбыз. Біркелкі мақтау-мадақтау емес, кемшіліктер мен жетіспеу-шіліктерді көрсететін сын материалдар жарияланып отыруы керек. Қазақта «Сын түзелмей, мін түзелмейді» – деген даналық сөз бар. Адамдардың намысына тимейтін, орынды сындарды қолдаймын. Газет тарапынан жарияланған мақалалар мен ақпараттарды үнемі оқып, бағамдап отырамын. Сондықтан біргелікте қызмет етуге дайынбыз, себебі біздің бәріміз бір терінің пұшағын илеп жүрген жандармыз, қала өмірінде жұмыла жұмыс істеуге тиіспіз, – деп



Сауал: Сапар Қайыркенұлы, Сіздің Приозерск қаласына басшылық қызметке келгеніңізге 3 айдан асыпты. Қаланың экономикалық және әлеуметтік жағдайымен танысып үлгерген шығарсыз? Сіз бұған дейін облысымыздың бірқатар аудан, қалаларында лауазымды және басшылық қызметтер атқарғаныңыздан хабардармыз. Приозерск қаласының Сіз қызметте болған басқа жерлермен салыстырғандағы қазіргі жағдайы және тұрмыс-тіршілігі қандай әсер қалдырды?

Әкім: Әрине, мен қызмет еткен Бұхар жырау, Абай және Осакаровка аудандарымен Приозерск қаласын мүлдем салыстыруға келмейді. Ол жақтардың аумағы кең және халық саны да көп. Әр елді мекен әр жерде орналасқандықтан, оны бақылап, басқарып отырудың өз қиындықтары, түйткүлдері көп. Ал, бұл жерде жинақы, бәрі көз алдында. Қаланың тұрғындарымен, маңызды шаруашылық нысандарымен, тыныс-тіршілігімен жеткілікті танысып алдым деп айта аламын. Қала халқы да, табиғаты мен орналасқан ортасы да маған ұнады. Қаланы қоршап жатқан Балқаш көлінің әсем келбетіне тамсанбай тұра алмайсың. Алған әсерім керемет! Осы қалада көп тұрармын, мүмкін аз тұрармын, бірақ осы мекеннің тұрақты және жанашыр тұрғыны ретінде өзімді еркін және жауапты сезіну үшін отбасымен көшіп келіп, жеке баспана сатып алдым. Артымда алаңдайтын ештеңем жоқ. Біз мемлекеттің қызметшілеріміз. Қайда жұмсаса, кез-келген уақытта басқа жаққа ауыстыра салуы мүмкін. Дегенмен, осында аз уақыт жасасам да, мен өзімді осы қаланың тұрақты тұрғыны ретінде сезінуге және қаланың өркендеуіне үлес қосуға міндеттімін деп есептеймін. Бұл қала – біздің ортақ үйіміз болуы керек!

Сауал: Мінеки, күздің алғашқы айы басталып кетті, қаланың қысқы жылу беру науқанына дайындығы қандай деңгейде? Алдағы жылдары қалаға қатты отынмен жылу беретін орталық (ТЭЦ) құру мәселесі қаралуда ма?

Әкім: Жалпы, қысқы жылу беру науқанына дайындық жұмыстары көктемнен-ақ, жылу науқаны аяқтала салысымен басталып кететін қала коммуналдық шаруашылығының маңызды мәселелерінің бірі деуге болады. Сондықтан бұл мәселе үнемі қала басшыларының басты назарында болатыны ақиқат. Бүгінгі таңда №1 қазандыққа қызу жөндеу-дайындық жұмыстары жүргізілуде. Ол жерден мен де, бірінші орынбасарым да, тұрғын-үй шаруашылық бөлімінің қызметкерлері және «Сарышаған Сужылу-2014»

тұрғындардың өздеріне зиян екендігін білулері шарт. Бұған қоса сақтық шаралары үшін ыстық суға жағымсыз иісті сұйықтық қосылатынын, оның адам терісіне аса зиянды екенін қатаң ескерттім.

Екінші сауал бойынша айтарым, қаланың шағын және үйлері аз екені ескеріліп, халық саны жеткіліксіз болуына




орай ТЭЦ құру мүмкіндігі жоқ. Егер қаламыз осы талаптарға сай келіп жатса, тұрғындар мен тұрғын үйлер саны артса болашақта ТЭЦ салынуы мүмкін.

Сауал: Қаланы көгалдандыру жұмыстары қалай жүруде, туристік сала қандай деңгейде өркендеп жатқандықтан? Жаңадан демалыс орындары салына ма және бұл жұмыстарға инвесторлар тартыла ма?

Әкім: Қалаға алғаш қадам басқан күннен-ақ, қаладағы көгалдандыру жұмыстарының кенжелеп қалғандығына көзім жетті. Аймағымыздың басқа өңірлерімен салыстырып қарағанда, көгалдандыру мәселесінде кемістік бар. Көптен бері суғарылмаған ағаштар қурап, қаланың сәнін кетіре бастаған. Ағаш, тал, көгал – ең алдымен таза ауа, экологиялық қорғаушы, әрбір елді мекеннің көркі, сәні болып саналады. Сондықтан бұл мәселенің кезек күттірмейтін міндет екендігін бағамдап, қаланы абаттандыруды, көгалдандыруды қажет деп санадық. Осы мәселемен айналысатын, қалада көп жылдар басшылық қызметтер атқарып, тәжірибе жинаған Осман Қаланбоев жетекшілік ететін фирма аштық. Қазіргі таңда аталған мекеме қызу жұмыс жүргізуде. Атап айтқанда, қаланың шығыс жағындағы ағаштарды тамшылатып суғаратын құбырлар тартылып, бұл іс жалғасын табуда. Қураған ағаштар оталып, орында-

болады. Облысымыздың өзге аумақтарындағы жасалып жатқан жұмыстарды қаперге алып және өзіміз осы саладағы тәжірибемді пайдалана отырып, бұл шаруаны реттеуді қолға алдым. Қоқыстарды шығару мәселесін қазір қаланы абаттандыру мекемесі өз қолдарына алатын болды. Осы ретте қала тұрғындарына мына мәселені ескертуді жөн санаймын: бұдан былай коммуналдық төлемдер тарифі барлық көрсетілетін қызметтер бойынша көтерілетін болады. Бұл туралы Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу Комитетінің Қарағанды облысы бойынша департаменті «Сарышаған Сужылу-2014» ЖШС-нің тариф және тарифтік сметасын бекітуге берген өтінімдерін қарастыру бойынша қаланы жылу энергиясымен жабдықтау, тарату желілері бойынша беру және сарқынды суларды бұру қызметтеріне тариф пен тарифтік сметалардың жобасын бекітуге арналған өтінімді қарау жөнінде сұраныс жібердік. Осы мәселеге байланысты құзырлы орындардан мақұлдаған жауап келісімен тарифтер көтеріледі.



қортындылады әкім С.Қ.Сатаев баспасөз өкілдерімен болған келелі кездесуді.

Маңызды да мазмұнды сұқбатыңыз үшін рахмет!

Нұрғали ҚАРАБЕКТЕГІ,
газеттің арнаулы тілшісі.



Актуальное интервью!

ГОРОД – НАШ ОБЩИЙ ДОМ

В связи с исполнением 100 дней со дня вступления в должность акима города Приозерск Сатаева Сапара Каиркеновича, назначенного 24 мая т. г., руководителем местной газеты «Приозерский вестник, в лице главного редактора Кенжебекова Бегазы Алшынбаевича, специального корреспондента газеты Карабекова Нургали Кыдырмуратовича (автор данного интервью) и владельца газеты, Струментова Александра Валентиновича, встретились с акимом и, в ходе интервью задали наиболее важные вопросы, ответы на которые представляем вниманию наших читателей.

Вопрос: Сапар Каиркенович, вы занимаете руководящую должность более 3 месяцев. Полагаем, Вы уже успели ознакомиться с экономическим и социальным положением города. Вы ранее занимали руководящие должности в ряде районов области. Какое впечатление произвело нынешнее состояние и быт города Приозерск по сравнению с районами, где вы ранее находились на службе?



Аким: Конечно, город Приозерск совершенно несопоставим с Бухар-жырауским, Абайским и Осакаровским районами, где я работал. Эти районы имеют обширную территорию и большое население. В связи с отдаленностью от районного центра населенных пунктов там были свои специфические трудности. А в Приозерске все компактно, все на виду. Могу сказать, что я достаточно хорошо ознакомился с важными хозяйственными объектами, жизнью города и его жителями. Мне понравилось и население города, и природа, и окружение. Нельзя не любоваться живописным обликом озера Балхаш, которое окружает город. Впечатления потрясающие! Не знаю сколько проживу в этом городе, но для того, чтобы хорошо чувствовать свою связь с Приозерском ощущать себя постоянным жителем этого населенного пункта, я переехал сюда с семьей и купил собственное жилье. Мы – государственные служащие. Нас могут в любое время перевести в другое место. Тем не менее, несмотря на то, что я провел здесь немного времени, я считаю, что я обязан чувствовать себя постоянным, ответственным жителем этого города и вносить свой вклад в его процветание. Этот город должен быть нашим общим домом!

Вопрос: Вот и начался первый месяц осени, на каком уровне готовность города к зимней отопительной кампании? Рассматривается ли вопрос о создании в ближайшие годы теплоснабжающего центра (ТЭЦ) на твердом топливе?

Аким: В целом, подготовка к зимнему отопительному сезону начинается с весны, как только заканчивается отопительная кампания. Поэтому эта задача постоянно находится в центре внимания городского руководства. На сегодняшний день на котельной № 1 ведутся ремонтно-подготовительные работы. Оттуда регулярно поступают сообщения и ко мне, моему заместителю, сотрудникам отдела жилищно-коммунального хозяйства и руководителям ТОО «Сарышаган Сужылыу-2014». Приобретены необходимые запасные

части, подлежащие замене, ремонту. В соответствии с планом работ, до 1 октября текущего года горячая вода будет поставляться по наружным трубопроводам и направляться к домам. Вся отопительная система города должна быть готова к 1 октября. Далее, с 1 по 15 октября будет проводиться проверка подготовленных внутридомовых систем отопления. В связи с этим, обращаемся к жителям с просьбой, не брать горячую воду из отопительной системы. В этом случае, подаваемая в дома с высокой температурой вода, возвращается в котел с большой теплопотерей и для ее нагрева приходится затрачивать дополнительную энергию, сжигая мазут, что в конечном счете приводит к удорожанию стоимости услуги для населения. Кроме того, из-за этого происходит преждевременная поломка и выход оборудования котельной из строя. Надо также осознавать, что использование воды из системы отопления вредно и для самих жителей. Строго предупреждаю, что в целях пресечения незаконного отбора воды из теплосистемы, в горячую воду добавляется специальная

жидкость с резким запахом, которая также крайне вредна для кожи человека.

По второму вопросу хочу сказать, что учитывая малогабаритность и малонаселенность города, строительство ТЭЦ из-за недостаточной численности населения, экономически нецелесообразно. Если город будет соответствовать требованиям, количество жилья и жителей увеличится, то в будущем ТЭЦ может быть построена.

Вопрос: Как идет работа по озеленению города, каким Вам видится его туристическое будущее? Будут ли построены новые места отдыха и привлечены инвесторы к этим работам?

Аким: С самых первых дней моего пребывания в городе, я убедился, что работы по озеленению ведутся не на должном уровне. По сравнению с другими регионами, у нас есть недостатки в вопросах озеленения. Деревья, которые давно не поливались, стали засыхать и портить эстетический облик города. Деревья, газоны – это, прежде всего, чистый воздух, экологический защитник жителей и гостей города, украшение каждого населенного пункта. Поэтому, посчитав, что этот вопрос является неотложной задачей, нами приняты кардинальные решения по благоустройству и озеленению города. Мы открыли предприятие по вопросам благоустройства под руководством Оспана Каланбаева, который много лет занимал руководящие должности в городе и является опытным специалистом. В настоящее время данное учреждение ведет активную работу. В частности, были проложены трубы для капельного орошения деревьев в восточной части города, и эта работа будет продолжена. Основное внимание уделяется обрезке сухостойных деревьев и посадке новых деревьев. Мы знаем, что город Приозерск раньше был очень зеленым, чистым, красивым городом. Надо попытаться восстановить тот же облик. Я думаю, что важно найти фотографии города, которые напоминают о его прекрасном убранстве в те времена, повесить на видные места, пропагандировать. Мы должны сделать все возможное для развития туристической отрасли в нашем городе. Для этого

будут привлечены инвесторы. В окрестностях озера желательно открыть удобные места для отдыха, купания и отрегулировать его защиту. К сожалению, нынешнее местоположение «Балхашского лечебно-оздоровительного комплекса» находится в ведении Жамбылской области, в связи с чем, для нас нет возможности реализовать новые туристические проекты в его окружении. Территориальное изменение границ областей – очень сложный и длительный процесс. Поэтому, мы планируем взять данную территорию в аренду, хотя бы на 49 лет. На первом месте стоит вопрос социально-экономического развития города. Для этого необходимо открыть новые предприятия. Есть планы на этот счет. Мы намерены выйти в вышестоящие органы с предложением по открытию новых предприятий, таких как ТОО «Ер-Тай».

Вопрос: Как Вы оцениваете работу кооперативов собственников квартир (КСК)? Какие жалобы поступают от жителей города по этому поводу? Какие проблемы в городе вы считаете актуальными?

Аким: В принципе, все вопросы, связанные с жизнью города, являются актуальными. Об огромном количестве недовольства жителей о работе КСК я вижу и узнаю по поступающим жалобам. Видно, что работа у них налажена не на должном уровне. Закономерно, что жильцы испытывают недовольство из-за того, что средства, собираемые на эксплуатационные расходы, не были направлены на соответствующие цели, неполадки в домах не были вовремя устранены. Эти вопросы будут в центре моего внимания. На опыте других регионов нашей области и используя свой личный опыт в этой сфере, я решил взяться за регулирование вопросов, связанных с жилищно-коммунальным хозяйством, КСК. Вопрос вывоза мусора сейчас берет на себя организация по благоустройству города. В этой связи, я считаю целесообразным напомнить жителям города о следующем: отныне тариф на коммунальные платежи будет повышен по всем услугам. В департамент Комитета по регулированию естественных монополий Министерства национальной экономики Республики Казахстан по Карагандинской области направлен запрос на рассмотрение заявки на утверждение тарифа и тарифной сметы ТОО «Сарышаган Сужылыу-2014» на услуги по снабжению города тепловой энергией, подаче воды по распределительным сетям и отводу сточных вод. После получения



согласования компетентных органов тарифы будут повышены. Жители должны отнестись к этому с пониманием того, что данные меры будут способствовать повышению качества предоставляемых услуг, улучшению финансового положения работников коммунальной организации. С нынешним же тарифом работники коммунального предприятия не имеют возможности получать оплату, соответствующую их труду, предприятие не может аккумулировать средства для улучшения качества коммунальных услуг. Еще один важный момент – для многодетных, одиноких матерей и малообеспеченных семей, ветеранов Великой Отечественной войны и лиц, приравненных к ним, инвалидов и других, социально-нуждающихся граждан, будут предоставлены льготы со стороны государства и акимата города. Для этого,

необходимо своевременно подавать документы в соответствующие учреждения. Учитывая финансовое положение горожан, поручил принять взвешенное решение по изменению тарифов, не поднимать их так сильно, как в других регионах. Кроме того, в ближайшее время мы приступим к установке специального прибора учета воды в каждой квартире, что позволит жителям осуществлять оплату только за реальный объем потребленной воды и снизит коммунальные расходы.

Вопрос: Как Вы оцениваете профессионализм вашей нынешней команды?

Аким: За это время я полностью ознакомился с своей командой, руководством всех государственных учреждений города, их сотрудниками. Я удовлетворен уровнем профессионализма команды. В работе требую от каждого добросовестного и качественного исполнения служебных обязанностей, внесение максимального вклада в развитие города. Оба мои заместителя имеют большой опыт, являются коренными жителями города, близко знакомы с населением, хорошо знают проблемы жителей и города. В совместной работе где-то я буду учиться у них, где-то они у меня, и вместе будем трудиться над развитием города, его дальнейшим процветанием. В нашем городе ощущается нехватка квалифицированных специалистов. Поэтому необходимо по максимуму использовать в организациях и предприятиях города имеющихся специалистов из числа жителей. Уверен, что такие люди будут в первую очередь заинтересованы в добросовестном и честном служении на благо родного города. Если будут необходимы специалисты более высокой квалификации, то я не против пригласить их из других регионов. Так, в ТОО «Сарышаган Сужылыу-2014» на должность главного инженера я пригласил сильного специалиста из другого региона. Он уже доказал, что является настоящим профессионалом своего дела. Такие специалисты нам очень нужны.

В ходе беседы с акимом также были затронуты вопросы текущего состояния городской газеты «Приозерский вестник», вопросы о СМИ, жителей города, взаимосвязи между государственными учреждениями, агитационно-пропагандистской работе, обратной связи, критики недостатков.

–Хотелось бы, чтобы газета работала еще более активно, чтобы она была в тесном контакте с населением и акиматом, публико-

вались все новости и информация о проводимых работах и мерах, принимаемых для улучшения жизнедеятельности города. У казахов есть мудрая поговорка: «Сын түзелмей, мін түзелмейді» - «Без критики не исправится недостаток». Поддерживаю разумную критику, не касающуюся чести людей. Регулярно читаю и оцениваю статьи и информацию, опубликованную в газете. Поэтому мы готовы к совместной деятельности, ведь мы все делаем одно дело и должны сообща трудиться для дальнейшего процветания нашего города, - заключил аким С.К.Сатаев свои высказывания на встрече с представителями прессы.

Благодарим за важное и содержательное интервью!

Нургали Карабеков, специальный корреспондент газеты



ҚАЛА ТҮРҒЫНДАРЫНЫҢ НАЗАРЫНА

К СВЕДЕНИЮ ЖИТЕЛЕЙ ГОРОДА

ЖОБА

ПРОЕКТ

ПРИОЗЕРСК ҚАЛАЛЫҚ
МӘСЛИХАТЫНЫҢ ШЕШІМІРЕШЕНИЕ МАСЛИХАТА
ГОРОДА ПРИОЗЕРСКПРИОЗЕРСК ҚАЛАСЫ БОЙЫНША
КОНДОМИНИУМ ОБЪЕКТИСІН БАСҚАРУҒА
ЖӘНЕ КОНДОМИНИУМ ОБЪЕКТИСІНІҢ
ОРТАҚ МҮЛКІН КҮТІП-ҰСТАУҒА
АРНАЛҒАН ШЫҒЫСТАРДЫҢ ЕҢ АЗ
МӨЛШЕРІН БЕКІТУ ТУРАЛЫОБ УТВЕРЖДЕНИИ МИНИМАЛЬНОГО
РАЗМЕРА РАСХОДОВ НА УПРАВЛЕНИЕ
ОБЪЕКТОМ КОНДОМИНИУМА И
СОДЕРЖАНИЕ ОБЩЕГО ИМУЩЕСТВА
ОБЪЕКТА КОНДОМИНИУМА
ПО ГОРОДУ ПРИОЗЕРСК

Қазақстан Республикасының "Тұрғын үй қатынастары туралы" Заңының 10-3 бабының 1 тармағына, сондай-ақ "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес, Приозерск қаласының мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Приозерск қаласы бойынша кондоминиум объектісін басқаруға және кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күтіп-ұстауға арналған шығыстардың ең аз мөлшері осы шешімге қоса беріліп отырған қосымшаға сәйкес бекітілсін;

2. Осы шешім оның алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Сессия төрағасы

Приозерск қаласы мәслихатының хатшысы Аты-жөні

Приозерск қалалық мәслихатының
2021 жылғы «__» _____
сессиясының № _____ шешіміне
қосымша

Приложение
к решению _____ сессии маслихата
города Приозерск от «__» _____ 2021 года
№ _____

ПРИОЗЕРСК ҚАЛАСЫ БОЙЫНША КОНДОМИНИУМ
ОБЪЕКТИСІН БАСҚАРУҒА ЖӘНЕ КОНДОМИНИУМ
ОБЪЕКТИСІНІҢ ОРТАҚ МҮЛКІН КҮТІП-ҰСТАУҒА
АРНАЛҒАН ШЫҒЫСТАРДЫҢ ЕҢ АЗ МӨЛШЕРІМИНИМАЛЬНЫЙ РАЗМЕР РАСХОДОВ
НА УПРАВЛЕНИЕ ОБЪЕКТОМ КОНДОМИНИУМА
И СОДЕРЖАНИЕ ОБЩЕГО ИМУЩЕСТВА ОБЪЕКТА
КОНДОМИНИУМА ПО ГОРОДУ ПРИОЗЕРСК

№	Атауы	Пайдалы алаңның 1 м ² ең аз мөлшері үшін 1 айға (тенге)
1	Кондоминиум объектісін басқаруға және кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күтіп-ұстауға арналған шығыстардың ең аз мөлшері	34,46

№	Наименование	Минимальный размер расходов за 1 м ² полезной площади* в месяц (тенге)
1	Минимальный размер расходов на управление объектом кондоминиума и содержание общего имущества объекта кондоминиума	34,46

Ескерту: м² - шаршы метр. Пайдалы алаң - тұрғынжайдың тұрғын алаңы мен тұрғын емес алаңының жиынтығы.

Примечание: м² – квадратный метр. Полезная площадь - итоговая жилая площадь и нежилая площадь жилища.

«Приозерск қ. ТҮКШ, ЖЖАЖБ» ММ

ГУ «ОЖКХ, ПТ, АДи ЖИ г. Приозерск»

ХАБАРЛАМА

Құрметті Приозерск қаласының тұтынушылары!

«Сарышаған Сужылу-2014» ЖШС Табиғи монополияларды реттеу агенттігінің Қарағанды облысы бойынша департаментінің 27.08.2021 жылғы №157-НҚ бұйрығы негізінде, 1 қыркүйектен бастап жылу энергиясын өндіру, беру, тарату және жабдықтау бойынша, тарату желілері бойынша су беру қызметтеріне, сарқынды суларды бұру қызметтеріне төмендегі тарифтерді қолданысқа енгізеді.

Жылу энергиясын өндіру, беру, бөлу және жабдықтау бойынша ҚҚС-сыз Гкал үшін - 3535,70 тенге мөлшерінде, оның ішінде тұтынушылар топтары бойынша:

- жеке тұлғалар үшін-ҚҚС-сыз Гкал үшін 2216,71 тенге,
- басқа тұтынушылар үшін-ҚҚС-сыз Гкал үшін 3535,70 тенге,
- бюджеттік ұйымдар үшін-ҚҚС-сыз Гкал үшін 5852,58 тенге,

- суды тарату желілері бойынша беру қызметтеріне ҚҚС-сыз 1м3 үшін 144,89 тенге мөлшерінде; оның ішінде тұтынушылар топтары бойынша:

- жеке тұлғалар үшін-ҚҚС-сыз 1м3 үшін 67,00 тенге,
- басқа тұтынушылар үшін-ҚҚС-сыз 1м3 үшін 170,0 тенге,
- бюджеттік ұйымдар үшін-ҚҚС-сыз 1м3 үшін 636,05 тенге,

- шайынды суларды бұру бойынша қызметтерге ҚҚС-сыз 1м3 үшін 129,55 тенге мөлшерінде, оның ішінде тұтынушылар топтары бойынша:

- жеке тұлғалар үшін-ҚҚС-сыз 1м3 үшін 50,00 тенге,
- басқа тұтынушылар үшін - ҚҚС-сыз 1м3 үшін 129,00 тенге,
- бюджеттік ұйымдар үшін-ҚҚС-сыз 1м3 үшін 587,81 тенге.

«Сарышаған Сужылу-2014» ЖШС директорының м. а. Курец С. В.

ШҮҒЫЛ ХАБАРЛАМА!

Android платформасына арналған PlayMarket сервисінде «Онлайн перепись населения-2021» мобильді қосымшасы орналастырылды. Осыған қатысты Ұлттық статистика бюросы аталған платформа ресми емес екенін мәлімдейді. Ол қосымшаны қолдана отырып, санақтан өткен азаматтардың ұсынған бастапқы статистикалық мәліметтерінің құпиялылығы сақталатынына Бюро кепілдік бермейді.

Естеріңізге сала кетейік, қазіргі уақытта респонденттерге санақтан онлайн режимде өтудің бірнеше жолы қарастырылған: SANAQ.GOV.KZ сайты, E-GOV порталында тіркелу және АІТУ мобильді қосымшасы. Азаматтардың ыңғайлылығы үшін консультанттары бар санақ бұрыштары ұйымдастырылды.

Ұлттық статистика бюросы азаматтардың белсенділігі үшін алғыс айта отырып, санақты онлайн өтуге шақырады. sanaq.gov.kz сайты 15 қазанға дейін тәулік бойы қолжетімді болмақ. Онлайн санақтан өтпегендер 1-30 қазан аралығында интервьюерлердің сауалдарына жауап бере алады. Барлық сауалдар бойынша 1446 байланыс орталығына хабарласуға болады. Қонырау шалу тегін. Қазақстанда әркім маңызды!

Ұлттық статистика бюросының баспасөз қызметі

ЭКСТРЕННОЕ СООБЩЕНИЕ!

На платформе для Android устройств в сервисе PlayMarket было размещено приложение «Онлайн перепись населения-2021». В связи с этим Бюро национальной статистики заявляет, что данная платформа не является официальной. Бюро не гарантирует конфиденциальность первичных статистических данных респондентов, использовавших это приложение.

Напомним, в настоящий момент для респондентов предусмотрено несколько способов прохождения переписи населения в режиме онлайн: специализированный сайт SANAQ.GOV.KZ, через авторизацию на портале E-GOV и посредством приложения АІТУ. Для удобства граждан работают специальные уголки переписи с консультантами.

Бюро национальной статистики благодарит граждан за проявленную активность и призывает людей пройти перепись в режиме онлайн. Сайт sanaq.gov.kz доступен 24 часа в сутки до 15 октября. Те, кто не прошел онлайн, будут опрошены интервьюерами в период с 1 по 30 октября. По всем вопросам можно обратиться в call-центр 1446, который функционирует круглосуточно. Звонок бесплатный. В Казахстане каждый важен!

Пресс-служба Бюро национальной статистики

Собственник: ИП Струментов А.В.
Газета «Приозерский вестник» зарегистрирована в Министерстве связи и информации Республики Казахстан 15.03.2004 г. №4843-Г. Свидетельство о переучете ППИ № 17414-Г от 24.12.2018 г.
Адрес редакции: 101100 г. Приозерск, ул. Космонавтов, д.5, 106-107
Справки по тел.: +7-705-981-86-79 (Гл. редактор), +7-702-604-02-60 (тех. редактор)
E-mail: prz_westnik@mail.ru **Веб-сайт:** www.prz_westnik.kz
Газета отпечатана в ТОО «Арко» г. Караганда, ул. Сатпаева 15, Заказ № 36/732. Тираж: 500 экз., объем-1 п.л., формат - А2, 4 стр.

Главный редактор: Кенжебеков Б.А.
Технический редактор: Струментов А.В.
Для подачи частных объявлений и рекламы обращаться по тел: +7-705-466-60-63
Корреспонденция принимается на электронный адрес: prz_westnik@mail.ru

Газета распространяется в местах продажи газет и журналов (киоски печати, магазины, рынки), в редакции и частными распространителями в г. Приозерске и г. Караганда, а также по подписке во всех городах и районах области.
Подписной индекс - 65041

Письма, рукописи, фотографии и рисунки не рецензируются и не возвращаются. Ответственность за точность приведенных фактов, статистических данных, собственных имен, географических названий и других данных несут авторы публикаций. Редакция не несет ответственности за содержание рекламных объявлений. Мнение авторов может не совпадать с мнением редакции. Перепечатка материалов без согласия редакции запрещена.